

**8D01503-«Информатика педагогін даярлау» білім беру  
бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін  
жазылған Белесова Дамира Турсынхановнаның «Бастауыш сынып  
оқушыларын программалауға оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ  
ПІКІРІ**

Жалпы білім беру мекемелері оқушыларды оқытумен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту үшін қажетті білім жүйесін қалыптастыруы керек. Бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқыту олардың есептік ойлау, проблемаларды шешу, шығармашылық және программалау дағдыларын дамытып, келешек мансаптарына дайындал, жан-жақты білім алуға негіз қалайды. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың есептік ойлау, программалау дағдыларын дамытуда бастауыш сыныптардан бастап программалауды оқыту процесі ғылыми негізделген ұйымдастыру мәселесін зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының есептік ойлау, программалау дағдыларын қалыптастыруды бастауыш білім беруде программалауға оқытуды ұйымдастыру мәселесін зерттеудің көкейкестілігін ғылыми-әдістемелік түрғыда негіздеумен сипатталады.

**Зерттеудің мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқытуда олардың есептік ойлаудың дамытуға ықпал ететін ғылыми негізделген әдістеме мен құралдар кешенін әзірлеу.

Диссертацияның ерекшелігі - оның ғылыми негіздері мен әдістемелік тәсілдерін біріктіруі. Ол теориялық түрғыдан ғана емес, сонымен қатар практикалық жағынан да құнды материалдарды қамтиды.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздеріне** Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауы; білім беру жүйесінің нормативті құжаттары, оқыту бағдарламалары; бастауыш білім берудегі оқыту процесін ұйымдастырудың теориясы мен тәжірибесі; программалық өнімдер мен оқытудың инновациялық технологияларды әзірлеуге және енгізуге бағытталған педагогикалық зерттеулер кіреді.

Диссертацияда бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мүқият талданады және олардың қабілеттерін дамытуға арналған тиімді оқыту әдістері ұсынылады. Жұмыста программалауды оқытудың озық тәжірибелері қарастырылады, сондай-ақ оқыту бағдарламаларының мазмұны мен оқыту құралдарына егжей-тегжейлі талдау жасалады.

Белесова Д.Т. докторлық диссертациясын орындау барысында, бастауыш сыныптарда программалауды оқытудың жай-күйін талдау, осы жастағы балалардың есептік ойлаудың даму ерекшеліктерін, оларды программалауға оқытудың қолданыстағы тәсілдерін зерттеген және оқушыларға программалауды оқытудың тиімді тәсілдерін ұсынған.

### **Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер:**

- бастауыш сыныптарда программалауды оқытуудың жай-күйі анықталды және «ақпараттық білім орталары» мен «есептік ойлау» ұғымдарының мәні нақтыланды;
- бастауыш мектеп жасындағы балалардың есептік ойлауының даму ерекшеліктері айқындалып, Scratch программалау ортасында программалауға оқыту материалдарын күру принциптері, құрылымы мен мазмұны анықталды;
- заманауи ғылыми деректер мен үздік педагогикалық тәжірибелерді ескеретін бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқыту әдістемесі, олардың программалауға деген қызығушылығын арттыратын құралдар кешені әзірленді: «Scratch программалау ортасы» атты оқу құралы; бастауыш сынып оқушыларына программалауды оқытуға арналған «Балдырған» сайты; Ispring Suit программасымен жасалған ақпараттық білім беру ортасы; «Scratch программалау ортасы» атты факультативтік курс бағдарламасы; бастауыш сынып оқушыларына программалауды оқыту арқылы есептік ойлау дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі.
- «Scratch программалау ортасы» курсының мысалында бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибе жүзінде тексеріліп, сынақтан өткізілді.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі** теориялық негізді қамтамасыз ететін зерттеу мәселесіне бағытталған ғылыми, теориялық және әдістемелік әдебиеттерді шолуға негізделуімен, зерттеу пәні мен мақсатына сәйкес келетін әдістер кешенін қолданумен, бастауыш сынып оқушыларына программалауды оқыту мәселесіне әртүрлі көзқарастарды талдаумен, алынған мәліметтерді өндеудің статистикалық әдістерін қолданумен, эксперименттік зерттеу нәтижелерінің бастапқы зерттеу болжамдарына сәйкестігін көрсетумен расталды.

Алынған нәтижелерді оқу процесінде сынақтардан өткізіп, бастауыш мектеп оқу үдерістерінде пайдалануға болатынын айқынады. Зерттеу бойынша алынған енгізу актілері зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдарының дұрыстығын сипаттайтын және де белгілі әдістермен салыстырғанда докторанттың ұсынып отырған зерттеу жұмысының көрсеткіштері жоғары деңгейде екені дәлелденген.

**Диссертацияның мазмұндық, құрылымдық біртұтастыры**  
Диссертацияны жазу барысында тараулар, баптар, корытындылар арасында құрылымдық және логикалық байланысы бар үйлесімділік байқалады. Зерттеу жүргізуде алынған ғылыми нәтижелер белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Д.Т. Белесованың көргауга ұсынып отырған диссертациясының алға қойған мақсаттары мен міндеттері орындалып, толықтай аяқталған, біртұтас мазмұндық құрылымымен ерекшеленетін толыққанды зерттеу жұмысы деп есептеймін.

**Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдары.** Докторанттың диссертациялық жұмысының мазмұны бойынша жарияланған еңбектерінің

жалпы саны – 19, оның ішінде Scopus базасына енген журналдарда – 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында – 2 мақала, ҚР халықаралық конференциясында - 4 мақала; басқа да ғылыми журналдарда - 3 мақала, авторлық куәлік - 2, оқу құралы - 2.

### **Докторанттың ғылыми позициясының нақтылығы**

Диссертациялық жұмыста зерттеу тақырыбы бойынша автор позициясы нақты көрсетіледі және ҚР «Білім туралы» Заңы, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздагы № 348 бұйрығына 2-қосымша, Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныбына арналған "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына, "Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі №564 қаулысы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" 2023 жылғы 28 наурыздагы №249 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына негізделеді.

**Диссертацияны орындау барысында автордың зерттеушілік қасиеттерді менгеруі, зерттеу әдістерін қолдануы, зерттеу жұмыстарын жүргізуі**

Д.Т. Белесова зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, алдына қойған мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындау үшін математикалық статистиканы, педагогиканың кеңінен қолданылатын әдістемелері мен қазіргі заман талабына сай өлшегіш кешендерін орынды және сауатты пайдалана білді. Ол автордың ғылыми талдау әдістерін жақсы деңгейде менгергенін, ғылыми зерттеулер жүргізуге қажетті даярлық деңгейінің жоғары екендігін білдіреді.

Белесова Дамира Тұрсынхановнаның қорғауға ұсынып отырған «Бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясы толық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай келеді, ал автор 8D01503 - «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кенесші,  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты**



**А.Б.Ибашова**